



Ардагерлерімізге құрмет көрсеттік

Аға ұрпаққа деген қамқорлық, олардың бастаған ісін жалғастыру- қандай да болсын өркениетті қоғамның негізі болып табылады. Оларға құрметпен қарау, оларды аса қадір тұту - бұл халқымыздың ғасырлардан келе жатқан салт-дәстүрі.

Қариялардың өмірлік еңбегі тәжірибесі, даналығы мен белсенді азаматтық ұстанымы жас ұрпаққа үлгі.

Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктерінде ардагерлеріміздің де үлесі зор. Олар Елбасының бастамалары мен Жолдауларына әрдайым қолдау көрсетіп келеді. Біздің көпұлтты мемлекетіміздегі береке-бірліктің, бейбітшіліктің, достық пен тұрақтылықтың сақталуы көбіне сол ардагерлеріміздің бедел- абыройының, салмақты сөзі мен даналық кеңесінің арқасы.

Олардың көбі соғыс мектебінен және соғыстан кейінгі ауыр жылдарды бастан өткізіп, өз елінің дамуы мен өркендеуіне үлкен үлесін қосты. Ұлы Отан соғысының барлық қатысушыларына біз ризашылықпен басымызды иеміз.

Қарт адамдарға қамқорлық көрсетуді бір сәтке де ұмытпауымыз қажет.

Қостанай станциясындағы ІІЖБ Тобыл станциясындағы ЖПБ бастығы полиция аға лейтенанты Өтегенов Дауіт Маратұлы ІІО-ның үйлеріне барып, өз қарт адамдарын А.Е. Ермеков пен Тобыл аулының еңбек ардагері Н.М. Пановскаяны құттықтай отырып, Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы қажырлы еңбектері үшін алғысын білдіріп, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр және өмір жолында жанң сергектігі мен табыстар тіледі.

Өз кезегінде зейнеткерлер полициягерлерге олардың ықыластары мен көрсетіп отырған жылы лебіздеріне алғыстарын айтты.

Қостанай ст. ІІЖ-нің Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

«Дөңгелек үстелде» ұрлықпен күрес мәселелері қаралды

Ағымдағы жылғы 29 қыркүйекте Қостанай көлік прокуратурасы ұрлықпен күрес жүргізу мәселелері бойынша «Дөңгелек үстел» өткізді.

«Дөңгелек үстел» Қостанай көлік прокуратурасы «ҚТЖ «ҰК» - «Қостанай магистральдық желі бөлімшесі» АҚ филиалы, «Түркісіб Астана» ЖШС, Қостанай станциясындағы «ҚТЖК» АҚ, Қостанай станциясындағы темір жол басшылығымен, сондай-ақ, Қостанай ст. ІІЖБ лауазымдық тұлғалармен өткізілді.

Күн тәртібінде қадағалау аумағында мүлікті ұрлауға жол бермеу және ескертудің ағымдағы жағдайы мәселесі қаралды.

Бірлескен жұмыс жүргізу барысында: Қостанай станциясындағы теміржол вокзалы аумағында Қостанай ст. ІІЖБ кезекші бөліміне тарататын қосымша 125 сыртқы онлайн бейнебақылау камераларын орнату; теміржол вокзалында ұрлықтарды ескерту және жолын кесу турлы буклеттерді әзірлеу және тарату; «Түркісіб Астана» ЖШС поездарындағы әрбір жиынтық төсек орындарында ұрлықтарды ескерту және жолын кесу туралы буклеттерді тарату сияқты бірқатар басты шешімдер қабылданды.

Қостанай көлік аумағында ұрлықтың 37%, оның ішінде жүк ұрлығының 80% төмендеуі байқалады, өз кезегінде Қостанай көлік прокуратурасы Бас прокуратураның «Ұрлықтарға жол жоқ», Бас көлік прокуратурасының «Жүктердің сақталуы» жобаларының іске асыру бойынша қабылданатын шараларының тиімділігін көрсетіп отыр.

«Дөңгелек үстел» қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» жаңа Заңының новеллалары мен қолданыстағы заңнамадағы өзгерістері туралы түсіндірілді.

Аталған бағытта жұмыс жалғасады.

Қостанай көлік прокуратурасының баспасөз қызметі

Кадрмен жұмыс ЖОО-дан басталуы керек

Қостанай облысының прокуратурасы заңгер мамандығының түлектері мен жоғары оқу орындарының студенттері үшін «Ашық есік күні» акциясын өткізді.

Бұл акция жаңа форматта өткізілді, бұрынғыдай баяндама оқылып қана қойған жоқ. Қызметке қабылдау тәртібін түсіндірумен қатар, студенттерді қызықтыратын қабілеттерімен және жұмыс процесімен, прокуратура



органдары жүйесіндегі өзгерістермен таныстырды. Облыс прокуратурасының әрбір құрылымдық бөлімшесінің басшысы қадағалау қызметінің өзі

бақылайтын бағыты туралы және оның іс жүзінде қалай жасалатындығы, қадағалау ведомствосының қызметінде қазіргі уақытта қандай мәселелерге баса назар

аударылатындығы туралы айтты.

Қостанай облысының прокуроры Т.Қ. Сүлейменов студенттердің сұрақтарына жауап берді және кадрмен жұмыс жасауды жоғары оқу орындарынан бастау керектігін атап айтты.

Сонымен қатар, облыс прокурорының бірінші орынбасары Марат Абишев прокуратура органдарында енгізіліп жатқан, соның ішінде цифрлендіруге қатысты жаңашылдықтарды көрсетті.

Қостанай облысы прокуратурасының баспасөз қызметі

Отбасылық дауларды шешудегі медиацияның рөлі

Еліміздің Конституциясының 27-бабында бекітілгендей, балалардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғау басымды бағыттың бірі болып табылады.

Ажырасқан жұбайлар арасында балаларды тәрбиелеу жөніндегі даулардың соңғы жылдары көбейіп келе жатқанын сот тәжірибесінен көруге болады.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап біздің республикамызда жаңа Азаматтық процесілік кодексі қолданысқа енгізілген. Жаңа азаматтық процесілік кодексіне келісу рәсімдеріне үлкен мән беріледі, тараптар істі: татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу келісімімен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімімен аяқтай алады.

Тараптардың ерікті келісімі негізінде және келіссөздер арқылы өзара қолайлы шешімге қол жеткізу үшін, медиация тәуелсіз тұлға – медиатордың қатысуымен жүзеге асырылады.

Азаматтық сот ісін жүргізуде судья тараптарға келісім рәсімдері арқылы дауды шешу құқығын түсіндіреді және процесілік барлық сатыларында дауларды реттеуде оларға барлық жағынан ықпал етеді.

Жанжалдың шынайы себептерін анықтау және тараптардың мүдделерін салыстыру негізгі факторлар болып табылады. Осы факторлар тараптарға дауды шешіп қана қоймай, қақтығысты тоқтату мүмкіндігін береді. Судья оның мазмұнын тексереді, сондай-ақ, оны мақұлдау және іс бойынша өндірісті тоқтату туралы ұйғарым шығарады.

Түпкілікті медиация туралы келісімді тараптар өз күштерінің нәтижесі ретінде бағалайды, олардың шарттары олардың мүдделеріне сәйкес келеді. Демек, тараптар оны жүзеге асыруда мотивацияның жоғарылауына ие. Тәжірибе көрсеткендей, дауды реттеу туралы келісім, сот шешіміне қарағанда, ерікті түрде жиі орындалады.

Медиация рәсімдерін өткізу үшін, отбасындағы даулар барынша қолайлы болып саналады, себебі бұл жағдайда медиация туралы келісім жасасу ықтималдығы барынша жоғары көрінеді. Мұның себептері айқын және түсінікті.

Отбасылық жанжал тараптары жеке қарым-қатынастармен байланысты, олар осы қақтығыстың қалай шешілетініне шынымен де алаңдайды және отбасылық келіспеушіліктердегі мүдделіліктің ауырлығына қарамастан, олар одан әрі қалыпты қарым-қатынастарды сақтау үшін ымыраға келуге дайын. Әсіресе, балаларға қатысты отбасылық даулар өте өткір, ата- аналар бір-біріне қаншалықты зақым келтірсе де, бала үшін ғана татуласуы керек екенін олар түсінеді. Сондықтан, отбасылық даулардың медиация тиімділігінің себептерінің бірі – бұл отбасылық қатынастардың түпнұсқа сипаты – олардың жеке-сенімділік сипаты.

Осылайша, басқа келісу рәсімдеріне қарағанда, медиация бірнеше артықшылықтарға ие, атап айтқанда: уақыт үнемдеу, тараптардың өзара тиімді достық қатынастарын сақтауы, тараптардың жеке мүдделерін қорғау, өйткені медиация процесі құпия болып табылады.

Жанар ЫСҚАҚ, Қостанай облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

Курсанттарымыз марапатталды

«ЕХРО-2017» бүкіләлемдік бірегей көрмесі – маңызы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстармен салыстыруға тұрарлық жаһандық ауқымдағы оқиға.

Халықаралық көрме 3 айға жоспарланып, жуырда, яғни 10 қыркүйек күні «ЕХРО-2017» көрмесінің жабылу рәсімі болып өтті. Аталмыш шараға 3000-нан астам еріктілер қатысты. Олардың көпшілігі жоғары оқу орындарының студенттері болып табылады, сондай-ақ қызмет өткеру үшін арнайы Ішкі істер министрлігінің ведомстволық жоғары оқу орындарының курсанттары шақырылған болатын.

Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының 3,4-курс курсант қыздары үлкен құрмет пен зор сенімге ие болды. Мұндай жаһандық ауқымды оқиғаға қатысу мүмкіндігі – біздің курсанттарымыз үшін үлкен мәртебе болып табылады. Іс-шара уақытында көрмеге келген қонақтарға көмек көрсетуде өздерінің ерекше ерліктерімен көзге түскен курсанттар да болды.

Көрменің жабылу салтанатына орай 14 қыркүйек күні қызмет атқарып жүрген курсанттарымыздың соңғы ағыны, яғни, 4-курс курсант қыздарын қарсы алған болатынбыз. Осыған орай, Астана қаласында өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінде қызметтерін абыроймен адал атқарып, батылдық, ерлік танытқандары үшін Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов Академияның саптық алаңында батыл да, қайсар курсант қыздарымызды салтанатты түрде жеке және ауыспалы құрам алдында ҚР Ішкі істер министрі полиция генерал-полковнигі Қ.Н. Қасымовтың атынан келіп түскен Мақтау грамоталарымен



марапаттады. Сонымен қатар, осы аталмыш іс-шараға белсене қатысып, курсанттардың тәртібіне жауапты тұлға ретінде барған Академияның бірнеше қызметкерлері де жоғарыдағы Мақтау грамоталарымен марапатталды.

Жалпы құқық қорғау органдарының қызметіне келетін болсақ, Елбасымыз да халықаралық «ЭКСПО-2017» мамандандырылған көрмесінің ашылуында тиісті қауіпсіздікті қамтамасыз еткені үшін, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстың сапасын жақсартқандары үшін, мұндай іс-шараларды өткізу кезінде қауіпсіздіктің айрықша күрделі мәселе екеніне тоқталып, барлық құқық қорғау органдарының жұмысын жоғары бағалаған болатын. Мұндай аса маңызды әрі әлемдік деңгейде өткізілген «ЭКСПО-2017» көрмесінің сәтті аяқталғанына қуаныштымыз, ал ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курсанттарын айта кететін болсақ, курсанттарымызға аталмыш іс-шара тек қана оң нәтижелерін тигізді демекпіз. Себебі, теория жүзінде жинақтаған білімдерін шын мәнінде тәжірибеде шындады десек те артық емес.

Мейрам ОСПАНОВ, Академияның баспасөз хатшысы



Қазақстан Республикасында бүгінгі күні қылмыстық процесті жетілдіру үрдісі жүріп жатыр. Оған дәлел – қабылданған жаңа қылмыстық және процестік заңнамалар мен оларға қатысты өзге құқықтық актілер.

Сонымен қатар, қылмыстық процесті электронды форматқа көшіру жұмыстары басталып кетті.

Бүгін сол реформалаудың жемісі - процесс прокуроры институтына тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес, прокуратураның басшысы осы Кодекске сәйкес қылмыстық іс бойынша заңдардың қолданылуын қадағалауды жүктеген прокурор.

Аталған Кодексте прокуратура басшысына нақты қылмыстық іс бойынша қадағалауды жүзеге асыратын прокурорды (процесс прокуроры) айқындауға құқығы берілген.

Процесс прокуроры қылмыстық іс бойынша қадағалауды сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап

Процесс прокуроры - процесте заңдылықтың сақталуының кепілі

жүзеге асырады және бірінші сатыдағы сотқа мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысатыны бекітілген.

Процесс прокуроры алмастырылмайды, бірақ Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген жағдайларда, прокуратура басшысының шешімі бойынша басқа процесс прокурорымен ауыстырылуы мүмкін.

Бұл міндеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде бекітіліп, олардың толық мазмұны (міндеттері мен құқықтары және т.б.) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №163 «Процесс прокурорының қадағалауды ұйымдастыруы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Нұсқаулықта ашылған.

Прокуратура органдарында процесс прокурорының функцияларын ҚПК белгіленген өкілеттіктер шегінде Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, оның бірінші орынбасары және орынбасарлары, аға көмекшілер және көмекшілер, Қазақстан Республикасының Бас әскери және Бас көлік прокурорлары, Астана және Алматы қалаларының, облыстардың прокурорлары және олардың орынбасарлары, департаменттердің, басқармалар мен бөлімдердің бастықтары, олардың орынбасарлары, аға көмекшілер және көмекшілер, басқармалар мен бөлімдердің аға прокурорлары және прокурорлар, аудандардың, қалалардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға прокурорлар және прокурорлар жүзеге асыра алады.

Процесс прокуроры өз өкілеттіктерін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға, Қылмыстық және Қылмыстық-Процестік кодекстерге, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының бұйрықтарына, нұсқаулықтарына, нұсқауларына, сондай-ақ жоғарыда айтылған Нұсқаулыққа сәйкес өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Процесс прокуроры бірінші сатыдағы сотта мемлекеттік айыптаушы ретінде, соның ішінде келісілген іс жүргізу тәртібімен талқылау кезінде, айыпталушыны сотқа беру сатысында іс бойынша мемлекеттік айыптаушының ұстанымын өзі әзірлейтіні бекітілген.

Аталған нұсқаулықта процесс прокурорларының құқықтары мен міндеттері, құзыреттіліктері және қылмыстық процесте (сотқа дейінгі және сотта) туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған нормалар бекітілген.

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнамада қабылданған шаралар қылмыстық процесті одан әрі жетілдіруге, процесс қатысушыларының құқықтарын қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған игі шара. Аталған өзгерістер қылмыстық процестің заңдылығының сақталуын қамтамасыз етеді және Конституцияда бекітілген құқықтық мемлекеттік құруға бағытталған.

Н. АЙДАРХАН,
облыс прокуратурасының
10-шы Басқарма прокуроры

Жұмыс кездесуі өткізілді

Жақында «Тобыл станциясындағы Айналым локомотив депосының» мәжіліс залында халықпен және теміржол жұмыскерлерімен кездесу өткізілді.

Жұмыс кездесуіне Қостанай ст. ІІЖБ бастығы полиция полковнигі А.Б. Исин, Қостанай көлік прокуроры әділет кеңесшісі А.М. Тулегенов, Таран ауданының прокуроры М.Ж. Шалабаев, Тобыл станциясындағы ПЧ-35 бастығы Е.С. Танкеев, Тобыл ауылы әкімінің орынбасары С.Х. Успанов, Тобыл станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің бастығы полиция аға лейтенанты Д.М. Утегенов, Қостанай гарнизонының әскери прокуроры М.Ж. Ержанов, шекара бақылау бөлімінің бастығы 2031 әскери бөлімі командирінің орынбасары подполковник О.А. Фисенко, «Нұр Отан» партиясы БҚ бөлімінің Таран ауданы төрағасының бірінші орынбасары Т.А. Ибраһимов, Тобыл станциясының бастығы Е.Н. Елеуқенов, «Қостанай жол бөлімшесі – ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалының директоры С.В. Жұмбабаев, «Қостанай магистральдық желі бөлімшесі – ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалының директоры қатысты.

Теміржол ұйымдарының басшылары баяндамаларын жасады, онда көлік инфрақұрылымына байланысты проблемалық және көкейтесті, шекара мәселелері, көлік жұмыскерлерінің әлеуметтік, оның ішінде еңбек заңнамасы, оларды шешудің жолдары қаралып, Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» жаңа Заңы және прокуратура органдарының кейінгі жұмысы бойынша түсініктемелер берілді.

Сондай-ақ, мал бағу, теміржолдарында жарақат алу мәселесі де қаралды.

Қостанай ст. ІІЖБ
Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Тиімді іс-шаралар нәтижесіз емес

Өткен аптада Қостанай ст. ІІЖБ қызмет көрсету учаскесінде құқық бұзушылықтар мен тәртіпсіздікке «Мүлдем төзбеушілік» акциясы өткізілді.

Аталған акция шеңберінде азаматтардың құқықтық санасы мен мәдениетін арттыру, халықтың арасында тәртіпсіздікке және ұсақ құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру мақсатында теміржол ұйымдары ұжымдарында, оқу орындарында дәрістер оқылып, теміржол бойында кездесулер өткізілді.

Мысалға, Қостанай ст. ІІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Е.Қ. Сүлейменов «Нұр Отан» партиясы Қостанай қалалық филиалының кеңесшісі М.Урдабаевпен бірге «Қостанай-Қарағанды» бағытындағы № 327/328 жолаушылар поезының поезд бригадасымен жолаушылар поезында кездесу өткізді.

Кездесу барысында жолаушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді, онда жолаушыларға өз заттарын, әсіресе ұялы телефондарын қараусыз қалдырмау, бағыты бір бейтаныс азаматтарға сенім артпау және келеңсіз жәйттар орын алған жағдайда жолаушылар поездарына ілесіп жүру жасақтарына уақтылы шағымдану жөнінде кеңес берілді. Сондай-ақ, теміржолдарында жарақат алуды ескерту мақсатында балалармен жол жүріп бара жатқан жолаушыларға теміржол көлігі объектілерінде болу ережелері түсіндіріліп, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауапкершіліктері түсіндірілді.

Сонымен қатар, 27 қыркүйекте әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алуды жоғарылату мақсатында Аймақтық жеке сот орындаушылар палатасында Қостанай көлік прокуратурасы, Қостанай ст. ІІЖБ, Қостанай облысы бойынша жеке сот орындаушылармен және Көлік бақылау инспекциясының өкілетті органдарымен кеңес өткізілгендігін де атап өткен жөн.

Күн тәртібінде әкімшілік айыппұлдарды өндіріп алуды орындаудың тиімділігі, атқарушы өндірістерді орындау мәселелері бойынша өзара іс - қимыл жасасу, әкімшілік айыппұлдарды мемлекет табысына төлемейтін проблемалық борышкерлер жөніндегі мәселелер қаралды.

Борышкерлердің тұрғылықты мекенжайы бойынша рейдтік іс- шаралар өткізу жоспарланды.

Жалпы алғанда, 2017 жылғы 8 айда Қостанай ст. ІІЖБ қызмет көрсету учаскесінде әкімшілік жауапкершілікке 1104 азамат тартылды, оның ішінде жалпы сомасы 1250251 теңгеге 150 әкімшілік айыппұл салынды, олардан 71-і өз еркі бойынша, жалпы сомасы 448153 теңге, 9-ы мәжбүрлеу арқылы, сомасы 93029 теңге. Мәжбүрлеу орындау үшін аймақтық жеке сот орындаушылар палатасына жалпы сомасы 619437 теңгеге әкімшілік айыппұлдарды салу туралы 55 қаулы жолданды.

Қостанай ст. ІІЖБ
Әкімшілік полиция бөлімшесі

Есте қаларлық кездесу

2017 жылдың 28 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция генерал-майоры М.А. Қызыловтың Академияның курсанттар баспасөз қызметінің мүшелерімен кезекті кездесуі өтті.

Кездесуге Академия бастығымен бірге орынбасары полиция полковнигі Ербол Қаппасов және академияның баспасөз хатшысы Мейрам Оспанов қатысты.

Академия курсанттар баспасөзі Академияның баспасөз қызметінің хатшысы, жетекшісі М.М. Оспановтың бастауымен екі жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі азаматтарға аса маңызды оқиғалар, құбылыстар және процесстер жайлы мағлұматтарды таратудан тұрады. Әрине, бұл қызметсіз кез-келген қоғамның толыққанды өмір сүруі мүмкін емес.

Ал Академияның баспасөз қызметі оқу орнымызда күнделікті болып жатқан оқиғаларды, курсанттардың жалпы өмірі мен олардың білім беру үрдісіндегі, ғылым, өнер, спорт саласындағы қол жеткізіп жатқан түрлі жетістіктерін, олардың белсенді ұстанымдарын, мәдени-көпшілік іс-шаралары жайлы қолжетімді ақпараттарды қамтиды.

Кездесу барысында Академия басшысы курсанттардың алдағы жоспарларымен таныса отырып, өзінің бірнеше жұмыс бағдарламаларын ұсынды. Патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие, әлеуметтік-тәрбиелік және ғылыми жұмыс, қызметтік тәртіп пен заңдылықты сақтау, мәдени-көпшілік іс-шаралар, спорттық жұмыс және ең бастысы сапалы білім бағдарында жұмыс істеу негізгі мақсатымыз екенін, сонымен қатар шағын ұжымымыздың болашақта жарқын нәтижелер мен жетістіктерге қол жеткізуі үшін, өз ісіміздің кәсіби шебері атанауы үшін аянбай еңбек етіп және әрқашанда ауызбіршілік, татулық пен ұйымшылдықта болуымыз өте маңызды екенін айтып

өтті. Және де мұндай курсанттардан құрылған баспасөз қызметі, менің білуімше, әлі ведомстволық жоғары оқу орындарында құрылмаған деп сөз арасында айтып өтті. Тек бізде ғана өз жұмысын бастап жатқан кішігірім ұйым мүшелеріне Академия бастығы алдағы уақытта сәттілік тілеп, қазіргі таңда атқарып жатқан жұмыстарына көңілінің толатындығын жасырмады.

Себебі, біз Академиямыздың кәсіби беделін арттыруға барынша күш-жігеріміз бен ынтымақты салып, оқу орнымыздың тек қана биік белестерден көріне беруіне ат салысуымыз керек. Болашақта Академиямыз еліміздегі ең үздік оқу орындарының қатарында болуы үшін, жылдан-жылға көркейіп, өркендеп, нығаюы үшін әрбір курсант өз мүмкіндігінше аянбай жұмыс істеп, тер төгуі қажет.

Сондай-ақ, курсанттар баспасөз қызметінің қатарына енді қосылып жатқан, дарындылығымен, ақындығымен таныла бастаған 1-курс курсанттарымен танысты. Әрбір курсанттың өзіндік ой-пікірін тыңдап, ұсыныстарымызды қолдады. Болашақта жоспарланып отырған бірқатар маңызды тапсырмаларды жүзеге асыруға бұйырды. Нақтылай келе курсанттардың өмірін одан әрі қызығырақ ету үшін және олардың бос уақытын ұйымдастыру, қызығушылығын тудыру мақсатында көптеген іс-шаралар ұйымдастыру қажеттігіне назар аударды.

Кездесу барысында Курсанттар баспасөзі қызметінің барлық мүшесі бір ауыздан 2-курс курсанты полиция қатарындағы Динара Абдуллаеваны Академияның курсанттар баспасөзі қызметінің ұйымдастырушысы әрі жетекшісі етіп сайлады.

Кездесу соңында Академия бастығы полиция генерал-майоры Мирлан Қызылов жуырда ғана жарық көрген, Академиямыздың тарихымен байланысты «Міндет, абырой, ерлік» журналын кездесуге қатысып отырған әрбір курсантқа шын жүректен сыйға тартты.

Э. КАНАТЧИНА,
Академияның курсанттар
баспасөзі қызметінің мүшесі,